

**"2020-2022 жылдарға арналған Шәкен ауылдық округінің бюджеті туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 371 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 7 желтоқсандағы № 527 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 9 желтоқсанда № 7869 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексінің 109-1-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес, Қазалы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2020-2022 жылдарға арналған Шәкен ауылдық округінің бюджеті туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 371 шешіміне ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7094 нөмірімен тіркелген, 2020 жылғы 9 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Шәкен ауылдық округінің бюджеті 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 45591 мың теңге, оның ішінде:
  - салықтық түсімдер – 1962 мың теңге;
  - трансферттер түсімдері – 43629 мың теңге;
- 2) шығындар – 45591 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;
  - бюджеттік кредиттер – 0;
  - бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;
  - қаржы активтерін сатып алу – 0;
  - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 0."

Аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қазалы аудандық мәслихатының кезектен тыс LXVII сессиясының төрағасы

Қазалы аудандық мәслихат хатшысы

А. ОРЫМБАЕВ

К. НАЗЫМБЕКОВ

Қазалы аудандық мәслихатының  
2020 жылғы 7 желтоқсаны № 527  
шешіміне қосымша

Қазалы аудандық мәслихатының  
2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 371  
шешіміне 1-қосымша

## 2020 жылға арналған Шәкен ауылдық округінің бюджеті

Санаты				Сомасы, мың тенге
Сыныбы			Атауы	
Кіші сыныбы				
			1. Кірістер	45591
1			Салықтық түсімдер	1962
	01		Табыс салығы	60
		2	Жеке табыс салығы	60
	04		Меншікке салынатын салықтар	1902
		1	Мүлікке салынатын салықтар	5
		3	Жер салығы	95
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1802
4			Трансферттердің түсімдері	43629
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	43629
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	43629
Функционалдық топ				
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
		Бағдарлама		
			Атауы	

			2. Шығындар	45591
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	26891
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	26891
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	26741
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	150
5			Денсаулық сақтау	179
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	179
		002	Шұғыл жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына дейін жеткізуді ұйымдастыру	179
7			Т ұ р ғ ы н үй-коммуналдық шаруашылық	4550
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	2537
		014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	2537
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	2013

		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1062
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	250
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	701
8			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	12778
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	12778
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	12778
12			Көлік және коммуникация	1193
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	1193
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1193
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4. Қаржы активтері мен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатыпалу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0

		5. Бюджет тапшылығы (профициті)	0
		6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК